БҰЛАНДЫ АУДАНЫ

BULANDY AQPARAT

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета

№ 44 (546)
06.11.2026

Ақмола облысы елордадағы ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері маусымын қорытындылады

Ақмола облысы Астанада өткен өңірлік ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінің маусымын қорытындылады. Елорда тұрғындары мен қонақтарына 50-ден астам түрлі өнім ұсынылып, саудаға шығарылған тауарлардың жалпы көлемі мың тоннадан асты. Жәрмеңке отандық өнімдерді қолжетімді бағамен сатып алуға мүмкіндік беріп қана қоймай, өңірдің агроөнеркәсіптік әлеуетін танытатын маңызды алаңға айналды.

«Қазанат» ипподромында шаруаларға арналған 140 сауда орны ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов та барды.

Сауда сөрелерінде ет және шұжық өнімдері, сүт тағамдары, жаңа ауланған балық, ұн, жарма, өсімдік майы, картоп пен көкөністер болды. Бұдан бөлек, елордаға 350 мың дана жұмыртқа жеткізілді. Сондай-ақ келушілер отын, көшет және өзге де маусымдық тауарларды сатып ала алды.



Тұрғындар үшін өңір өнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынып, түрлі викториналар ұйымдастырды. Қонақтар ұлттық нақыштағы фотозонада суретке түсіп, ECO Birlik экологиялық акциясына да қатысты.



Оның аясында пластик қалдықтарын қайта өңдеуге тапсырған азаматтарға естелік сыйлықтар берілді. Волонтерлер сатып алушыларға тауарларын көліктеріне дейін жеткізуге көмектесті.

Ақмола облысы Астананың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде айрықша орын алады. Қаладағы сүт өнімдеріне деген сұраныстың шамамен 40 пайызы, яғни тәулігіне 140 тоннаға жуығы өңірдің үлесінде. Ет жеткізілімінің 30 пайызына жуығы немесе күніне 80 тонна, ал тағамдық жұмыртқа қажеттілігінің 80 пайызы, яғни тәулігіне шамамен 700 мың данасы Ақмола облысының шаруашылықтары есебінен қамтамасыз етіледі.

«Біз елордаға мың тоннадан астам өнім жеткізіп, тұрғындарға сапалы отандық тауарларды қолжетімді бағамен ұсындық. Дегенмен, біздің мақсатымыз мұнымен шектелмейді. Алдағы уақытта өндіріс көлемін ұлғайтып, өнім өткізу нарығын кеңейту арқылы Астананы ғана емес, еліміздің өзге де өңірлерін азық-түлікпен қамтамасыз етуді көздеп отырмыз.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында ет кластерін дамытудың маңыздылығына тоқталды. Бұл бағытта облыста жүйелі жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, асыл тұқымды мал әкелініп, фермерлік шаруашылықтар қолдау тауып, мал басын көбейтуге қажетті жағдай жасалуда. Ақмола облысы «Береке» бағдарламасы бойынша қаржыландыруға ие болған алғашқы өңірлердің бірі атанып, оның аясында ең жоғары қолдау көлемін алды», – деді облыс әкімі Марат Ахметжанов.

Өңірде мал шаруашылығын өркендетіп, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттыруға бағытталған бірқатар жоба жүзеге асырылуда. Солардың бірі – Ерейментау ет кластері. Жоба аясында жалпы қуаты 20 мың басқа арналған үш репродукторлық шаруашылық пен 30 мың басқа арналған бордақылау алаңын құру, сондай-ақ 300-ге жуық фермерлік шаруашылықты біріктіру жоспарланған.

Сүтті мал шаруашылығы саласында да оң өзгерістер бар. Соңғы үш жылда облыста жалпы қуаты 5,8 мың басқа арналған алты сүт-тауар фермасы іске қосылды. 2026–2028 жылдары тағы алты осындай кешен салу көзделген. Жаңа нысандардың пайдалануға берілуі 2030 жылға қарай тауарлы сүт өндірісін екі есеге жуық арттыруға мүмкіндік береді.

Етті мал шаруашылығын дамытудағы маңызды қадамдардың бірі – дорпер тұқымды 1,1 мың бас асыл тұқымды қойдың жеткізілуі. Бұл – кәсіпкерлікті жеңілдікпен несиелендіруге арналған «Береке» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан ірі жобаның алғашқы кезеңі.

Ақмола облысының әкімдігі.



ӨМІР – ҚАЙРАТТАНДЫРЫП, ӨНЕР – ҚАНАТТАНДЫРҒАН АЗАМАТ



Аудандық мәдениет үйінде әнші Азамат Құрманбекұлы Есбосыновтың «Мен сені сүйем өмір» атты қайырымдылық кеші өтті. Бұланды жерін дүбірге бөлеген бұл концерттік бағдарлама жүректерге жол тапқан, көңіл тербеген кеш болды. Себебі кеш иесі Азамат Құрманбекұлы өмірдің сынағына тап болса да жігері жасымаған, өнерді ерекше жақсы көретін жан. Азамат Құрманбекұлы Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл кентінде 1990 жылы 30 шілдеде көпбалалы отбасында дүниеге келген. Қазіргі таңда тәрбиелеп отырған ұл мен қызы бар. Өмірге құштар Азамат Астана қаласында жұмысқа бара жатқан жолда құлап, ауыр халде жан сақтау бөліміне түскен. Дәрігерлер өте сирек кездесетін диагноз қойды. Қойылған диагнозына елімізде ем табылмай тек шетелде ем алу керектігін айтты. Алайда дертіне ем іздеген Азаматтың шетелге барып емделуді қалтасы көтермеді. Баласын қатты уайымдаған анасы көз жанарынан айырылған екен. Азаматтың қайырымдылық кеш өткізіп, ел аралауы өзі мен анасының шетелге барып емделулеріне қаражат жинау. Азаматтың сынаққа сынып кетпей болашаққа деген талпынысы, жігері, батылдығы көпке үлгі боларлық.



Кеш барысында Азамат орындаған «Мен сіздерді жақсы көремін», «Өмір», «Тағдыр ғой» әндерінің астарында үлкен мән жатты. «Ауыртпа Алла анамды», «Шүкір» әндері көрерменнің көзіне жас ұялатты. Азамат орындаған әр әніне тоқталып көпке ой салар дүниелер айтты. Кеш барысында аудан өнерпаздары да өнер көрсетті. Аудан әкімі Ардақ Дулатұлы Смайылов сөз алып, Азамат Құрманбекұлына әсерлі кеші үшін, өнерге деген құрметі үшін алғысын білдіріп, тезірек еміне қаражат табылып сауығып кетуін тіледі. Асыл арманына қол созған Азамат тілекші болып келген көпшілікке шынайы алғысын білдірді. Бойында жастық жалыны, өмірге деген құштарлығы жанып тұрған Азамат әлі-ақ аңсаған арманына жетеді деп сенеміз.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СТАТИСТИКА КҮНІ

Статистика – қоғам дамуының айнасы

Жыл сайын 8 қарашада Қазақстанда Статистика күні атап өтіледі. Бұл – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы маңызды мәліметтерді қалыптастыру жолында еңбек етіп жүрген статистика саласы мамандарының кәсіби мерекесі.

Қазақстандағы мемлекеттік статистиканың тарихы 1920 жылғы 8 қарашадан бастау алады. Дәл осы күні Қазақ АКСР-інде мемлекеттік статистика туралы ереже бекітіліп, Статистика басқармасы құрылды. Бұл күн еліміздегі бірыңғай мемлекеттік статистика жүйесінің қалыптасуына негіз болды.

Бүгінде статистика – мемлекетті басқару мен қоғамның дамуын бағалауда маңызды рөл атқаратын сала. Статистикалық мәліметтер арқылы ел экономикасының жағдайы, халық санының өзгеруі, тұрмыс деңгейі, кәсіпкерліктің, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің даму қарқыны айқындалады.

Статистика дегеніміз – жай ғана сандар мен кестелер емес. Әрбір көрсеткіштің артында мамандардың қажырлы еңбегі, мұқияттылығы мен үлкен жауапкершілігі жатыр. Ал нақты әрі сенімді деректер қабылданатын шешімдердің негізіне айналады.

Осы жүйеде аудандық статистика басқармаларының орны ерекше. Олар республикалық деңгей мен өңірлер арасындағы маңызды байланысты қамтамасыз етіп, аудандардың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы ақпаратты қалыптастыруға өз үлестерін қосады.

Біздің аудандық статистика басқармасы – күнделікті жауапты міндеттерді атқаратын, статистикалық ақпаратты жинау, өңдеу және жинақтау жұмыстарымен айналысатын мамандар ұжымы. Көптеген жылдар бойы аудандық басқарманы саланың кәсіби маманы Гүлнәр Асқарқызы Молдаспаева табысты басқарып келеді. Гүлнәр Асқарқызының жалпы еңбек өтілі – 40 жылдан астам, оның ішінде статистика саласында – екі мыңыншы жылдан бастап еңбек етіп келеді. Басқарма басшысы жұмыс барысындағы міндеттерді сенімді әрі ауызбіршілігі мол ұжымның арқасында жүзеге асыруда. Гүлфара Алтынбекқызы Исмагамбетова– еңбек ардагері мәртебесіне ие маман, зейнеттік жасқа толса да, қазіргі таңда аудандық статистика саласында интервьюер ретінде жұмысын жалғастыруда. Аудандық басқарманың бас маманы Әсем Өтешқызы Нурабаева және жетекші маманы Әсем Дәулетқызы Алтынбекова – өз ісіне адал және жауапты қызметкерлер.



Аудандық басқармалардың қызметі республикалық деңгейде белгіленген бірыңғай қағидаттар мен әдіснамалық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Өңірлер әртүрлі болғанымен, барлық аудандық статистика мамандарының алдында тұрған міндет ортақ: статистикалық мәліметтердің толықтығын, дұрыстығын және уақытылы ұсынылуын қамтамасыз ету.

Күнделікті жұмыс барысында мамандар кәсіпорындармен, мекемелермен, жеке кәсіпкерлермен, шаруа және фермер қожалықтарымен, сондай-ақ басқа да респондент-термен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Олардың негізгі міндеттеріне статистикалық есептілікті қабылдау және тексеру, есеп нысандарының дұрыс толтырылуын бақылау, ұсынылған мәліметтерді нақтылау, ақпаратты өңдеу және оны ресми статистикалық көрсеткіштерді қалыптастыру үшін жоғары тұрған органдарға жолдау жатады.

Әрбір есептің артында үлкен еңбек бар. Мамандар келіп түскен мәліметтерді мұқият тексеріп, қателер мен сәйкессіздіктерді анықтайды, қажет болған жағдайда респонденттермен байланысып, қосымша ақпарат алады. Мұның барлығы кәсіби білімді, шыдамдылықты, ұқыптылықты және жоғары жауапкершілікті талап етеді.

Сонымен қатар респонденттермен түсіндіру жұмыстары да маңызды бағыттардың бірі болып саналады. Мамандар статистикалық есептілікті тапсыру тәртібі, мерзімдері мен нысандарды дұрыс толтыру мәселелері бойынша кеңес беріп, қажетті көмектерін көрсетеді. Себебі қорытынды статистикалық мәліметтердің сапасы әрбір респонденттің жауапкершілігіне де тікелей байланысты.

Қазіргі таңда статистика саласы да заман талабына сай дамып келеді. Цифрлық технологиялар енгізіліп, ақпаратты жинау мен өңдеу тәсілдері жетілдірілуде. Электрондық форматта жұмыс істеу мүмкіндіктері кеңейіп, есептілікті ұсыну үдерісі барынша қолайлы әрі жедел бола түсуде.

Аудандық басқарма бірыңғай жүйе аясында жұмыс істеп, ортақ міндеттерді орындағанымен, әрбір бөлімшенің жетістігі – ондағы қызметкерлердің күнделікті еңбегінің нәтижесі. Әсіресе шағын ұжымдарда өзара қолдау, ұйымшылдық пен бірлесіп жұмыс істеу ерекше маңызға ие.

Статистика мамандарының еңбегі көп жағдайда көпшілікке байқала бермейді. Дегенмен ауданның, облыстың және тұтас еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы нақты көрініс қалыптастыруда олардың атқаратын рөлі зор. Статистикалық көрсеткіштер қол жеткізген нәтижелерді бағалауға, өзекті мәселелерді анықтауға және негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Кәсіби мереке қарсаңында статистика саласында еңбек етіп жүрген барлық әріптестерімізге адал еңбектері, кәсібилігі мен өз ісіне деген жауапкершілігі үшін шынайы алғысымызды білдіреміз!

Еңбектеріңіз әрдайым еленіп, жұмыстарыңыз табысты болсын! Көрсеткіштеріңіз оң динамикамен толығып, ұжымдарыңызда әрдайым бірлік пен өзара түсіністік орнасын. Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, кәсіби жетістіктер мен жаңа белестер тілейміз!

Статистика – зеркало развития общества

Ежегодно 8 ноября в Казахстане отмечается День статистика - профессиональный праздник специалистов, чей труд имеет огромное значение для развития государства и общества.

История отечественной государственной статистики берёт своё начало 8 ноября 1920 года. Именно в этот день было утверждено Положение о государственной статистике Казахской АССР и создано Статистическое управление. Эта дата стала отправной точкой формирования единой системы государственной статистики Казахстана. Сегодня статистическая отрасль является важной частью государственной информационной системы, обеспечивая общество, государственные органы и организации достоверными данными о социально-экономическом развитии страны.

Статистика - это не просто цифры и таблицы. За каждым показателем стоит большая работа специалистов, точность, ответственность и внимательное отношение к каждой детали. Именно статистические данные позволяют оценивать состояние экономики, демографические процессы, уровень жизни населения, развитие предпринимательства, сельского хозяйства, промышленности и других сфер.

Особое место в этой системе занимает работа районных подразделений статистики, которые являются важным связующим звеном между республиканским уровнем и территориями.

Наше районное управление статистики - это небольшой, но важный коллектив специалистов, ежедневно выполняющих ответственную работу по сбору, обработке и обобщению статистической информации. Успешно возглавляет районное управление на протяжении многих лет профессионал отрасли Гульнар Аскаровна Молдаспаева. Общий трудовой стаж Гульнар Аскаровны составляет более 40 лет, из них в сфере статистики она трудится с 2000 года. Руководитель управления успешно справляется с поставленными задачами благодаря сплочённому и надёжному коллективу. Гульфара Алтынбеккызы Исмагамбетова - специалист, имеющий статус ветерана труда. Несмотря на достижение пенсионного возраста, она и сегодня продолжает трудовую деятельность в районном управлении статистики в качестве интервьюера. Главный специалист районного управления Асем Утешевна Нурабаева и ведущий специалист Асем Дәулетқызы Алтынбекова - ответственные и преданные своему делу сотрудники.



Деятельность районных управлений строится по единым принципам и методологическим требованиям, установленным на республиканском уровне. Независимо от региона, перед каждым коллективом стоят общие задачи: обеспечение полноты, достоверности и своевременности статистических данных.

В повседневной работе специалисты взаимодействуют с предприятиями, организациями, индивидуальными предпринимателями, крестьянскими и фермерскими хозяйствами, а также другими респондентами. В их обязанности входит приём и проверка статистической отчётности, контроль правильности заполнения форм, уточнение представленных сведений, обработка информации и её передача для дальнейшего формирования официальных статистических показателей.

За каждым отчётом стоит кропотливая работа: необходимо проверить поступившие сведения, выявить возможные ошибки и несоответствия, при необходимости связаться с респондентами и получить уточнения. Всё это требует внимательности, профессиональных знаний, терпения и высокой ответственности.

Важным направлением деятельности является также разъяснительная работа с респондентами. Специалисты оказывают консультационную помощь по вопросам представления статистической отчётности, сроков её сдачи и правильного заполнения статистических форм. Ведь качество итоговой статистики во многом зависит от добросовестного отношения каждого участника этого процесса.

Современная статистика активно развивается, внедряются цифровые технологии, совершенствуются способы сбора и обработки информации. Всё большее значение приобретают электронные форматы взаимодействия, позволяющие сделать процесс представления отчётности удобнее и оперативнее.

Несмотря на то что районные управления работают в рамках единой системы и выполняют схожие функции, за результатами их деятельности всегда стоит конкретный коллектив, его опыт и ежедневный труд. В небольших районных управлениях особенно важны взаимовыручка, ответственность и умение работать сообща.

Работа статистика зачастую остаётся незаметной для широкой общественности. Однако именно благодаря этой работе формируется объективная картина жизни района, области и всей страны. Статистические показатели помогают оценивать достигнутые результаты, определять актуальные задачи и принимать обоснованные управленческие решения.

В преддверии профессионального праздника хочется выразить искреннюю благодарность всем работникам статистической отрасли за добросовестный труд, профессионализм и преданность своему делу.

Пусть ваша работа всегда будет востребованной и достойно оценённой, показатели радуют положительной динамикой, а в коллективе царят взаимопонимание, уважение и поддержка. Крепкого здоровья, благополучия, новых профессиональных достижений и успехов во всех начинаниях!

А. АМАНЖОЛОВА.

Хлеб – наше богатство

В Модельной детской библиотеке к Всемирному дню хлеба проведён познавательный час «Біздің нанымыз - біздің байлығымыз!» В мероприятии приняли участие учащиеся 5 «В» класса Общеобразовательной школы № 1. В начале мероприятия детям был показан видеоролик о хлебе, рассказывающий о его значении в жизни человека и нелёгком труде людей, благодаря которым хлеб появляется на нашем столе. Ребята отгадывали загадки о хлебе, знакомились с дарами осени - овощами и фруктами. Для участников были организованы интересные и познавательные игры: «Угадай на ощупь», в ходе которой дети определяли фрукты и овощи, не глядя на них; «Фрукт или овощ», во время которой дети выполняли движения в зависимости от названного продукта. В игре «Что нам осень подарила?» участники определяли, какие продукты относятся к осеннему урожаю. Игра «Угадай на вкус» - участники с закрытыми



глазами пробовали кусочки хлебобулочных изделий, фруктов и овощей, стараясь определить предложенные продукты. Весёлую атмосферу мероприятия дополнила физкультминутка «Осень», во время которой дети выполняли движения по заданиям ведущего. Особое внимание привлекла книжная выставка «От зерна - до хлеба», знакомящая ребят с историей хлеба и этапами его появления на нашем столе. В завершение познавательного часа детям раздали ароматные баурсаки и сочные яблоки. Мероприятие подарило участникам много положительных эмоций, новых знаний и напомнило о том, как важно ценить хлеб, уважать труд земледельцев и пекарей, бережно относиться к продуктам питания. Завершился познавательный час общей фотосессией на память.

Г. НУРКИШЕВА, старший специалист Модельной детской библиотеки.

ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТАР АЯСЫНДА

Сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес – ортақ парызымыз

Құрметті аудан тұрғындары!

Адал еңбек, тазалық пен заңға деген құрмет - қуатты әрі әділ мемлекеттің басты негіздері. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісі дамуымызға тұсау болатын басты кеселдердің бірі. Бұл - адамдардың заңға деген сенімін селдірететін, мектептеріміз бен ауруханаларымыздан, жолдарымыздан несібе қиып, балаларымыздың болашағын ұрлайтын қауіпті дерт.

Біздің жұмысымызда парақорлыққа немесе лауазым өкілетін асыра пайдалануға ешқашан жол берілмейді. Біз мемлекеттік аппаратты тазарту және жетілдіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеміз. Жақында әкім аппаратының Заң қызметі жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлеріне арналған ауқымды дөңгелек үстел өткізді. Заңгерлеріміз қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары мен тұрмыстық жемқорлық тәуекелдерін жою тетіктерін қатаң ретте түсіндірді. Біз әрбір қызметшіден ашықтықты талап етеміз.

Дегенмен, мемлекеттік органдар бұл кеселді жалғыз өзі жеңе алмайды. Заңсыздыққа тосқауыл болатын ең басты күш - сіздердің белсенді азаматтық позицияларыңыз.

Әрбір аудан тұрғынын сыбайлас жемқорлықтың кез келген, тіпті ең кішігірім көрінісіне болсын барынша кедергі келтіруге шақырамыз. Әділетсіздік пен



пара талап ету жағдайларына тап болсаңыз, бейжай қарамаңыздар. Жеке мәселені тез шешу үшін Заң бұзуға жол бермеңіздер. Қоғамда парақорлық атаулыны мүлдем қабылдамайтын ахуал қалыптастыру, біздің ортақ мақсатымыз болуы керек.

А. СМАЙЫЛОВ, Бұланды ауданының әкімі.

Наш общий долг – бескомпромиссная борьба с коррупцией

Уважаемые жители района!

Противодействие коррупции - одна из важнейших задач государственного управления. Взяточничество, злоупотребление должностными полномочиями и любые другие коррупционные проявления подрывают доверие граждан к государственным институтам, препятствуют развитию общества и наносят ущерб интересам каждого жителя.

В работе государственных органов должны соблюдаться принципы законности, открытости и ответственности. В деятельности аппарата акима района недопустимы любые проявления коррупции. Мы последовательно работаем над повышением качества государственного управления, укреплением служебной дисциплины и предупреждением коррупционных правонарушений.

В рамках этой работы юридической службой аппарата акима было организовано заседание «круглого стола» для сотрудников местных исполнительных органов. В ходе встречи рассмотрены основные требования антикоррупционного законодательства, вопросы соблюдения служебной этики, а также меры по предупреждению коррупционных рисков в повседневной деятельности государственных служащих.

Вместе с тем эффективная борьба с коррупцией требует участия всего общества. Важно, чтобы каждый гражданин знал свои права, не соглашался на незаконные требования и своевременно сообщал о фактах вымогательства, взяточничества и злоупотребления должностными полномочиями.

Наша общая задача - формировать культуру законности, открытости и нетерпимости к коррупции. Только совместными усилиями мы сможем укрепить доверие граждан к государственным органам и создать условия для справедливого и устойчивого развития района.

А. СМАИЛОВ, аким Буландынского района.

Анатолий Александрович Шкарин

Ушел из жизни замечательный человек, почетный ветеран труда и государственной службы, человек, чья жизнь является достойным примером служения людям, родному краю и обществу, - Анатолий Александрович Шкарин.

Анатолий Александрович внес большой вклад в социально-экономическое развитие района, много лет проработал на государственной службе, занимал ответственные руководящие посты, всегда пользовался авторитетом среди коллег и жителей района. Следует отметить, что с именем Анатолия Александровича связано становление ветеранской организации района. В период своей работы Анатолий Александрович проявлял заботу о пожилых людях, мобилизовывал их на активное участие в общественной жизни района, на работу по патриотическому воспитанию молодежи, вместе с пожилыми людьми способствовал становлению нашего молодого государства. Его наставниками являлись бывшие председатели районного совета ветеранов – Александр Иванович Токарев, Иван Федорович Козаренко, Виктор Иванович Белый, Евгений Николаевич Санников.

Анатолий Александрович родился 15 февраля 1940 года в селе Наумовском Вологодской области. После окончания средней школы работал рабочим в колхозе.

В 1959 году был призван в ряды Советской Армии, прослужил 3 года в Ленинградском военном округе. После демобилизации с 1962 по 1967 годы - учеба в Целиноградском сельскохозяйственном институте на экономическом факультете. После окончания вуза получил направление главным экономистом в совхоз «Ергольский» Макинского района. Затем был переведен начальником планово-экономического отдела Макинского сельхозуправления, где проработал 12 лет. С 1984 года – председатель районной плановой комиссии Макинского райисполкома, после реорганизации госоргана в 1991 году и до 2003 года, до ухода на заслу-



женный отдых, работал заместителем главы райадминистрации, начальником отдела экономики аппарата акима района, курировал вопросы экономического развития района, выпуск товаров народного потребления и торговли, решал жизненно важные вопросы района.

В 2003 году был избран председателем районного совета ветеранов и в этой должности проработал более 10 лет.

За свои трудовые заслуги Анатолий Александрович был награжден 6 медалями, многочисленными Почетными Грамотами областных и районных служб, имеет 2 благодарности от Президента РК Н. А. Назарбаева.

В свое время он являлся депутатом, председателем районной избирательной комиссии.

Жизненный и трудовой путь Анатолия Александровича – настоящий пример стойкости, трудолюбия, ответственного отношения к делу, дисциплины и порядка. Будучи на руководящих постах он был наставником не одному поколению молодых сотрудников государственной системы. Никогда не делил людей, относился к каждому с добротой и вниманием, поддерживал добрым словом и мудрым советом.

Выражаем искренние соболезнования родным и близким, всем, кто знал и любил Анатолия Александровича. Светлая память об этом человеке сохранится в наших сердцах, а его имя - в истории нашего района.

Аким района А. Смаилов, заместители акима района, районный Совет ветеранов, а также ветераны Буландынского района: К. М. Сейдахметова, А. И. Бежин, А. С. Уисимбаев, Н. А. Ережепов, Л. А. Шереметова, С. А. Тюлебаев, В. В. Потапов, А. А. Сарлаев, П. П. Веселов, Г. М. Пушкарь, Ш. Б. Кусаинов, Л. М. Сейтжанова, Ю. Р. Цхай, С. Ф. Цхай, Я. И. Брух, А. Ф. Диль, И. А. Бехтольд, В. Н. Судибор, А. Б. Камельинов, Ф. И. Штетингер, В. П. Нечитайло, Л. А. Горбач, Л. К. Гофман, К. Г. Самойлова, Г. П. Вахрушева, А. В. Гончаров, Т. Саригаскаров, Н. П. Шульга.

Ана мен бала құқығы – Конституция қорғауындағы басты құндылық

Конституция – мемлекеттің құқықтық негізі ғана емес, қоғамның адамгершілік бағдарын айқындайтын басты құжат. Онда елдің бүгінгі болмысы мен ертеңгі даму жолы, азаматтардың құқығы мен міндеті, ұлттың болашаққа деген жауапкершілігі көрініс табады.

2026 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы аясында отбасы, ана, әке және бала мәселесіне ерекше назар аударылуы – қоғам үшін маңызды құқықтық бағдар.

Жаңа Конституцияның 30-бабында неке және отбасы, ана, әке мен бала мемлекет қорғауында болатыны нақты көрсетілген. Сондай-ақ балаға қамқорлық жасау мен оны тәрбиелеу ата-ананың құқығы әрі міндеті ретінде белгіленген. Бұл – отбасының қоғамдағы орнын айқындайтын, ата-ананың жауапкершілігін арттыратын маңызды конституциялық қағида.

Аудандық Аналар кеңесінің төрайымы ретінде мен бұл нормаларды тек заңдық талап ретінде емес, ұлт болашағына қатысты үлкен жауапкершілік деп қабылдаймын. Себебі мемлекеттің дамуы ең алдымен тәрбиелі, білімді, дені сау, рухани бай ұрпақ қалыптастырудан басталады. Ал ұрпақ тәрбиесінің алғашқы мектебі – отбасы.

Қазақ қоғамында ананың орны қашанда ерекше. Ана – өмір сыйлаушы ғана емес, ұрпақтың бойына ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді сіңіретін тұлға.

Бүгінде мемлекет тарапынан аналар мен балалы отбасыларды қолдауға бағытталған бірқатар әлеуметтік шаралар жүзеге асырылуда. Бала тууына байланысты жәрдемақы, бала күтіміне арналған төлемдер, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақылар, атаулы әлеуметтік көмек – осының нақты көрінісі.

Сонымен қатар «Ұлттық қор – балаларға» жобасы жас ұрпақтың болашағына инвестиция салудың маңызды тетігіне айналды. Бұл бастама арқылы балалардың атына Ұлттық қордың инвестициялық табысының бір бөлігі есептеліп, жинақтарын болашақта білім алуға немесе тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалануға мүмкіндік беріледі.

Мұндай шаралардың мәні тек материалдық көмекпен шектелмейді. Бұл – баланың болашағына деген қамқорлық, ата-ананың үмітіне қолдау, жас ұрпақтың мүмкіндіктерін кеңейту.

Баланың қауіпсіздігі – баршамызға ортақ міндет

Бүгінгі қоғамда бала тәрбиесі мен қауіпсіздігі мәселесі ерекше маңызға ие. Балаларды буллингтен, зорлық-зомбылықтан, қараусыз қалудан, әлеуметтік және психологиялық қиындықтардан қорғау – тек ата-ананың емес, бүкіл қоғамның міндеті.

Осы бағытта 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасының қабылдануы маңызды қадам болды. Құжат балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, денсаулығын қорғау, сапалы білім алуына жағдай жасау, әлеуметтік қолдау және отбасын нығайту бағыттарын қамтиды.

Елімізде балалар мен отбасыларға көмек көрсететін Отбасын қолдау орталықтарының жұмысы кеңейіп келеді. Балаларға арналған «111» байланыс орталығы қиын жағдайға тап болған балалар мен отбасыларға көмек алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ мектептерде психологиялық қолдау, буллингтің алдын алу, қауіпсіз орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүргізілуде.

Бұл бастамалардың барлығы бір маңызды шындықты көрсетеді: баланы қорғау – оның құқығын қағаз жүзінде мойындаумен шектелмейді. Әрбір баланың өзін қауіпсіз сезінуіне, білім алуына, ойын еркін жеткізуіне және жан-жақты дамуына нақты жағдай жасалуы керек.

Аналар кеңесі – отбасы мен қоғам арасындағы алтын көпір

Менің ойымша, жаңа Конституцияда бекітілген отбасы мен балаға қатысты құндылықтарды жүзеге асыруда қоғамдық институттардың рөлі ерекше. Соның ішінде аудандық Аналар кеңесінің орны бөлек.

Аналар кеңесі тек мерекелік іс-шаралар ұйымдастыратын ұйым болмауы керек. Ол – отбасындағы өзекті мәселелерді көтеретін, жас аналарға бағыт-бағдар беретін, балалардың құқығын қорғауға атсалысатын, ұлттық тәрбиені насихаттайтын қоғамдық алаң.

Осы бағытта ауданымызда мынадай жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асыру маңызды деп есептеймін:

Біріншіден, «Бақытты ана – бақытты бала» жобасы аясында жас отбасылармен, жас аналармен кездесулер өткізіп, бала тәрбиесі, отбасылық қарым-қатынас, ата-аналық жауапкершілік мәселелерін талқылау.

Екіншіден, «Қауіпсіз балалық шақ» бағыты бойынша мектептермен, психологтармен, әлеуметтік қызметкерлермен бірлесіп, буллингтің, зорлық-зомбылықтың және балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейту.

Үшіншіден, «Әжелер мектебі» арқылы ұлттық тәрбие сабақтастығын жалғастырып, қыз бала тәрбиесі, келін әдебі, отбасындағы сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет құндылықтарын жас ұрпаққа жеткізу.

Төртіншіден, «Анаға қолдау – балаға қамқорлық» жобасы аясында әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы, толық емес және ерекше күтімді қажет ететін балалары бар отбасыларды назарда ұстап, оларға тиісті мекемелермен бірлесе көмек көрсету.

Бесіншіден, «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбында түсіндіру кездесулерін өткізіп, әйелдер мен балалардың құқықтық сауаттылығын арттыру, көмекке жүгіну жолдарын түсіндіру.

Бұл жұмыстардың нәтижелі болуы үшін Аналар кеңесі білім беру ұйымдарымен, денсаулық сақтау мекемелерімен, полиция қызметімен, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бөлімдерімен тұрақты байланыста болуы қажет.

Конституция құндылықтары күнделікті өмірде жүзеге асуы тиіс

Ата Заңда жазылған әрбір құқықтың өмірде нақты көрініс табуы маңызды. Егер бір ана қиындыққа тап болса, оған қолдау көрсетілсе; егер бір бала қорлық көрсе, оның құқығы қорғалса; егер бір отбасы тығырыққа тірелсе, оған көмек қолы созылса – міне, Конституция қағидаттарының нақты жүзеге асуы дегеніміз осы.

Біз, Аналар кеңесінің мүшелері, қоғамдағы әрбір баланың тағдырына бейжай қарамауымыз керек. Өйткені бүгінгі бала – ертеңгі ел азаматы, болашақ отбасының тірегі, мемлекетіміздің ертеңі.

Жаңа Конституция бізге тек құқықтарымызды ғана емес, сол құқықтарды құрметтеу мен қорғау жауапкершілігін де жүктейді. Отбасындағы татулық, анаға құрмет, балаға қамқорлық, ұрпақ тәрбиесі – баршамызға ортақ міндет.

Ендеше, Ата Заңда айқындалған осы құндылықтарды әрбір отбасының өмірлік ұстанымына айналдыруға атсалысайық. Өйткені анасы ардақталған, баласы қорғалған, отбасы берік қоғамның болашағы да баянды болмақ.

Анаға құрмет – ұлтқа құрмет. Балаға қамқорлық – болашаққа қамқорлық!

А. АМАНЖОЛОВА, аудандық Аналар кеңесі.

САЙЛАУ-2026 – ВЫБОРЫ-2026

БҰЛАНДЫ АУДАНЫНЫҢ БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІНДЕ ДЕПУТАТТЫҚҚА КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА (2026 жылғы 29 қарашадағы сайлау)

№ п/п	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Жұмыс орны, атқаратын лауазымы	тұрғылықты жері	Саяси партияға немесе қоғамдық бірлестікке қатыстылығы	Ұлты
№ 1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі						
1.	Алтыбаев Марат Жамкенұлы	1971	«Бұланды аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК, бас дәрігер	Ақмола облысы Макинск қаласы	«Әділет» партиясы»	қазақ
2.	Жолдыбаева Индира Муратқызы	1988	«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі» ММ, кадрлар бөлімінің инспекторы	Ақмола облысы Макинск қаласы	көрсетілмеген	қазақ
3.	Иванова Наталья Николаевна	1981	«Ақмола облысы бойынша еңбек ұтқырлығы орталығы «ҚММ» Бұланды ауданының Карьерлік ресурстық орталығы «филиалы, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі, маман	Ақмола облысы Макинск қаласы	көрсетілмеген	орыс
№ 2 бірмандаттық аумақтық сайлау округі						
1.	Абилова Жайнагүл Рамазанқызы	1988	«Макинск қаласының № 2 жалпы білім беретін мектебі» КММ	Ақмола облысы Макинск қаласы	көрсетілмеген	қазақ
2.	Муканова Эльмира Сертайқызы	1974	Ақмола облысы бойынша" Азаматтарға арналған үкімет "мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ, бас маман	Ақмола облысы Макинск қаласы	көрсетілмеген	қазақ
3.	Хожабай Раушан Түркменбайқызы	1974	"Әділет" партиясының Бұланды аудандық филиалы, төраға	Ақмола облысы Макинск қаласы	«Әділет» партиясы»	қазақ
№ 3 бірмандаттық аумақтық сайлау округі						
1.	Байдюсенов Айбек Мергембайұлы	1994	Жеке кәсіпкер	Ақмола облысы Макинск қаласы	Қазақстан Халық партиясы	қазақ
2.	Калел Жанар Даулетбайқызы	1999	«Купчановка ауылының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ, директорының әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары	Ақмола облысы Аққайың ауылы	«Әділет» партиясы»	қазақ
3.	Хамина Гульаим Зейнулловна	1995	«Макинск қаласының Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейі» КММ, ағылшын тілі мұғалімі	Ақмола облысы Макинск қаласы	көрсетілмеген	қазақ
№ 4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі						
1.	Баранова Надежда Юрьевна	1988	Ақмола облысы Бұланды ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы» Макинск қаласының Күн балабақшасы «ҚҚҚ, музыка жетекшісі	Ақмола облысы Макинск қаласы	«Әділет» партиясы»	орыс
2.	Бейсенова Дина Серикбайқызы	2005	«Ақмола облысы бойынша еңбек ұтқырлығы орталығы «ҚММ» Бұланды ауданының Карьерлік ресурстық орталығы «филиалы, жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жөніндегі маман	Ақмола облысы Макинск қаласы	көрсетілмеген	қазақ
3.	Сыздыков Серик Мустарұлы	1983	ЖК» Сыздықов С. М», жеке кәсіпкер	Ақмола облысы Макинск қаласы	«Respublica» партиясы	қазақ
№ 5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі						
1.	Баймбетова Дина Узакбайқызы	1987	«Бұланды аудандық мәдениет үйі» МКҚК Бұланды ауданының мәдениет және тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі, мәдени ұйымдастырушы	Ақмола облысы Макинск қаласы	«Әділет» партиясы»	қазақ
2.	Ескендір Ақылбек Серікұлы	1998	«Алтынды ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ, тарих және география пәнінің мұғалімі	Ақмола облысы Алтынды ауылы	көрсетілмеген	қазақ
3.	Новохатская Инна Вячеславовна	1977	«Новохатская» ЖК, директоры	Ақмола облысы Макинск қаласы	«Ақ жол» ҚДП	орыс
№ 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі						
1.	Болпанов Бауыржан Айтбатырұлы	2001	«Никольское селосының №1 жалпы білім беретін мектебі» КММ, Бастапқы әскери дайындық мұғалімі	Ақмола облысы Никольск ауылы	көрсетілмеген	қазақ
2.	Жуматаева Мадина Нуркенқызы	1999	«Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің отбасын қолдау орталығы» КММ, халықпен профилактикалық жұмыс жөніндегі маман	Ақмола облысы Макинск қаласы	көрсетілмеген	қазақ
3.	Кенжегалиев Алишер Жаныбекұлы	1993	«Бұланды аудандық мәдениет үйі» МКҚК директоры	Ақмола облысы Макинск қаласы	«Әділет» партиясы»	қазақ
№ 7 бірмандаттық аумақтық сайлау округі						
1.	Асылбекова Аягоз Жайсанқызы	1992	Ақмола облысы Бұланды ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы «Макинск қаласының Снежинка бөбекжай-бақшасы» МКҚК, әдіскер	Ақмола облысы Макинск қаласы	көрсетілмеген	қазақ
2.	Ведзижева Тамара Мустафаевна	1994	«Бұланды аудандық мәдениет үйі» МКҚК, хореограф	Ақмола облысы Макинск қаласы	көрсетілмеген	ингуш
3.	Сексенов Нурбек Балтабекұлы	1977	көрсетілмеген	Ақмола облысы Макинск қаласы	«Әділет» партиясы»	қазақ
№ 8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі						
1.	Зинькова Диана Александровна	1997	Ауылдық Мәдениет үйі, Мәдени ұйымдастырушы	Ақмола облысы Тастыозек ауылы	көрсетілмеген	орыс
2.	Мадияров Ернұр Берікұлы	1991	Бұланды ауданы бойынша «Aitas meken foundation» қоғамдық қоры, директор	Ақмола облысы Макинск қаласы	«Әділет» партиясы»	қазақ
3.	Самсонова Татьяна Викторовна	1982	«Үйде арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ, әлеуметтік қызметкер	Ақмола облысы Вознесенка ауылы	көрсетілмеген	неміс
№ 9 бірмандаттық аумақтық сайлау округі						
1.	Карпекина Наталья Юрьевна	1986	«Бұланды аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК, медбике	Ақмола облысы Макинск қаласы	көрсетілмеген	орыс
2.	Кудайбергенова Ляззат Бакытқызы	1984	Ақмола облысы Бұланды ауданы бойынша білім бөлімінің «Тоқтамыс ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ бастауыш сынып мұғалімі	Ақмола облысы Тоқтамыс ауылы	көрсетілмеген	қазақ
3.	Раков Мурат Аблайұлы	1979	ТОО «Бұланды Тазалық «ЖШС, директоры	Ақмола облысы Макинск қаласы	«Әділет» партиясы»	қазақ
№ 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі						
1.	Дарбаев Толеухан Берикұлы	1997	«Журавлевка-1» ЖШС, №4 өндірістік учаскесінің басқарушысы	Ақмола облысы Макинск қаласы	«Әділет» партиясы»	қазақ
2.	Зима Алена Сергеевна	1996	Ауылдық Мәдениет үйі Новобратское ауылы, Мәдени ұйымдастырушы	Ақмола облысы Новобратск ауылы	көрсетілмеген	украина
3.	Серикова Жансулу Аскатқызы	1999	«Макинск қаласының мектеп-лицейі» КММ, хатшы	Ақмола облысы Макинск қаласы	көрсетілмеген	қазақ
№ 11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі						
1.	Ахметжанова Гаухар Темербайқызы	2003	Макинск құс фабрикасы ЖШС, автокөлік цехының әкімшісі	Ақмола облысы Макинск қаласы	көрсетілмеген	қазақ
2.	Бапишев Асхат Рашидұлы	1991	«Ақбас Агро» шаруа қожалығы, басшысы	Ақмола облысы Партизанка ауылы	«Әділет» партиясы»	қазақ
3.	Беккер Светлана Васильевна	1968	Капитоновка ауылының фельдшерлік-акушерлік пункті, фельдшер	Ақмола облысы Капитоновка ауылы	көрсетілмеген	орыс

СООБЩЕНИЕ ОБ ИТОГАХ РЕГИСТРАЦИ КАНДИДАТОВ В ДЕПУТАТЫ ПО ОДНОМАНДАТНЫМ ТЕРРИТОРИАЛЬНЫМ ИЗБИРАТЕЛЬНЫМ ОКРУГАМ БУЛАНДЫНСКОГО РАЙОНА (выборы 29 ноября 2026 года)

№ п/п	Фамилия, имя, отчество	Год рождения	Место работы, занимаемая должность	Место жительства	Принадлежность к политической партии, общественному объединению	Национальность
Одномандатный территориальный избирательный округ № 1						
1.	Алтыбаев Марат Жамкенович	1971	ГКП на ПХВ Буландынская районная больница, главный врач	Акмолинская область, город Макинск	Партия «Әділет»	казах
2.	Жолдыбаева Индира Муратовна	1988	ГУ Отдел образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области, инспектор отдела кадров	Акмолинская область, город Макинск	Не указано	казашка
3.	Иванова Наталья Николаевна	1981	Филиал Карьерный центр Буландынского района КГУ Центр трудовой мобильности по Акмолинской области, специалист по содействию занятости	Акмолинская область, город Макинск	Не указано	русская
Одномандатный территориальный избирательный округ № 2						
1.	Абилова Жайнагүл Рамазановна	1988	КГУ Общеобразовательная школа 2 города Макинск, педагог-психолог	Акмолинская область, город Макинск	Не указано	казашка
2.	Муканова Эльмира Сертаевна	1974	НАО Государственная корпорация Правительство для граждан по Акмолинской области, главный специалист	Акмолинская область, город Макинск	Не указано	казашка
3.	Хожабай Раушан Түркменбайқызы	1974	Буландынский районный филиал партии Әділет, председатель	Акмолинская область, город Макинск	Партия «Әділет»	казашка
Одномандатный территориальный избирательный округ № 3						
1.	Байдюсенов Айбек Мергембаевич	1994	Индивидуальный предприниматель	Акмолинская область, город Макинск	НПК	казах
2.	Калел Жанар Даулетбайқызы	1999	КГУ Центр оказания социальных специальных услуг села Купчановка, заместитель директор по социальной работе	Акмолинская область, Село Аккайын	Партия «Әділет»	казашка
3.	Хамина Гульаим Зейнулловна	1995	КГУ Школа лицей имени Балуана Шолака города Макинск, учитель английского языка	Акмолинская область, город Макинск	Не указано	казащка
Одномандатный территориальный избирательный округ № 4						
1.	Баранова Надежда Юрьевна	1988	ГККП Ясли сад города Макинск при отделе образования по Буландынскому района, музыкальный руководитель	Акмолинская область, город Макинск	Партия «Әділет»	русская
2.	Бейсенова Дина Серикбаевна	2005	Филиал Карьерный центр Буландынского района, специалист по взаимодействию с работодателями	Акмолинская область, город Макинск	Не указано	казашка
3.	Сыздыков Серик Мустарович	1983	ИП Сыздыков С.М., индивидуальный предприниматель	Акмолинская область, город Макинск	Партия «Respublica»	казах
Одномандатный территориальный избирательный округ № 5						
1.	Баймбетова Дина Узакбаевна	1987	ГККП Буландынский район Дом культуры, культ организатор	Акмолинская область, город Макинск	Партия «Әділет»	казашка
2.	Ескендір Ақылбек Серікұлы	1998	КГУ Общеобразовательная школа село Алтынды, педагог психолог	Акмолинская область, село Алтынды	Не указано	казах
3.	Новохатская Инна Вячеславовна	1977	ИП Новохатская, директор	Акмолинская область, город Макинск	ДПК «Ак жол»	русская
Одномандатный территориальный избирательный округ № 6						
1.	Болпанов Бауыржан Айтбатырович	2001	КГУ Общеобразовательная школа 1 села Никольское, учитель начальной военной подготовки	Акмолинская область, село Никольское	Не указано	казах
2.	Жуматаева Мадина Нуркеновна	1999	КГУ Центр поддержки семьи отдела занятости и социальных программ, специалист по профилактической работы с населением	Акмолинская область, город Макинск	Не указано	казашка
3.	Кенжегалиев Алишер Жаныбекович	1993	ГККП Буландынский районный Дом культуры, директор дома культуры	Акмолинская область, город Макинск	Партия «Әділет»	казах
Одномандатный территориальный избирательный округ № 7						
1.	Асылбекова Аягоз Жайсановна	1992	ГККП Ясли сад Снежинка города Макинск при отделе по Буландынскому району Акмолинской области, методист	Акмолинская область, город Макинск	Не указано	казашка
2.	Ведзижева Тамара Мустафаевна	1994	ГККП Буландынский районный дом культуры, хореограф	Акмолинская область, город Макинск	Не указано	ингушка
3.	Сексенов Нурбек Балтабекович	1977	не указано	Акмолинская область, город Макинск	Партия «Әділет»	казах
Одномандатный территориальный избирательный округ № 8						
1.	Зинькова Диана Александровна	1997	Сельский дом культуры с Вознесенка, культ организатор	Акмолинская область, село Тастыозек	Не указано	русская
2.	Мадияров Ернұр Берікұлы	1991	Общественный фонд Aitas meken foundation по Буландынскому району, директор	Акмолинская область, город Макинск	Партия «Әділет»	казах
3.	Самсонова Татьяна Викторовна	1982	КГУ Центр оказания специальных социальных услуг на дому, социальный работник	Акмолинская область, село Вознесенка	Не указано	немка
Одномандатный территориальный избирательный округ № 9						
1.	Карпекина Наталья Юрьевна	1986	ГКП на ПХВ Буландынская районная больница, медицинская сестра	Акмолинская область, город Макинск	Не указано	русская
2.	Кудайбергенова Ляззат Бакытовна	1984	КГУ Общеобразовательная школа села Токтамыс отдела образования по Буландынскому району Акмолинской, учитель начальных классов	Акмолинская область, село Токтамыс	Не указано	казашка
3.	Раков Мурат Аблаевич	1979	ТОО Буланды тазалық, директор	Акмолинская область, город Макинск	Партия «Әділет»	казах
Одномандатный территориальный избирательный округ № 10						
1.	Дарбаев Толеухан Берикович	1997	ТОО Журавлевка 1, управляющий производственного участка 4	Акмолинская область, город Макинск	Партия «Әділет»	казах
2.	Зима Алена Сергеевна	1996	сельский дом культуры село Новобратское, культ организатор	Акмолинская область, село Новобратское	Не указано	украинка
3.	Серикова Жансулу Аскатовна	1999	КГУ Школа лицей города Макинск Буландынского района, секретарь	Акмолинская область, город Макинск	Не указано	казашка
Одномандатный территориальный избирательный округ № 11						
1.	Ахметжанова Гаухар Темербайқызы	2003	ТОО Макинская птицефабрика, администратор автотранспортного цеха	Акмолинская область, город Макинск	Не указано	казашка
2.	Бапишев Асхат Рашидович	1991	КХ Акбас Агро, глава	Акмолинская область, село Партизанское	Партия «Әділет»	казах
3.	Беккер Светлана Васильевна	1968	Фельдшерско-акушерский пункт села Капитоновка, фельдшер	Акмолинская область, село Капитоновка	Не указано	русская

АДАЛДЫҚ – АДАМДЫҚ БЕЛГІСІ

Адалдық пен сенім – халық пен билік арасындағы байланыстың негізі

Сыбайлас жемқорлық - қоғамның дамуына кедергі келтіретін, халықтың мемлекеттік органдарға деген сеніміне нұқсан келтіретін өзекті мәселелердің бірі. Онымен күресу тек құқық қорғау органдарының немесе мемлекеттік қызметшілердің ғана міндеті емес, бұл - бүкіл қоғамға ортақ жауапкершілік.

Бүгінде елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның туындауына себеп болатын жағдайларды болдырмау және қоғамда адалдық қағидаттарын қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігімен қатар, әрбір азаматтың заңға құрметпен қарап, әділдік пен ашықтықты қолдауы ерекше маңызға ие.

Қараөзек ауылдық округі - қалаға ең жақын орналасқан, тұрғындар саны жағынан да ауқымды ауылдық округтердің бірі. Округ тұрғындарының басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысып, ауыл шаруашылығы саласында еңбек етеді. Сонымен қатар, аумақта егін шаруашылығымен айналысатын бірнеше ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорны жұмыс істейді. Тұрғындардың едәуір бөлігі білім беру саласында, Макинск құс фабрикасында және аграрлық секторда тұрақты жұмыспен қамтылған.

Осындай өзіндік экономикалық және әлеуметтік ерекшеліктері бар ауылдық округте мемлекеттік органдар мен тұрғындар арасындағы ашық әрі сенімді қарым-қатынастың маңызы зор. Себебі жергілікті атқарушы органның күнделікті жұмысы халықтың тұрмыс-тіршілігімен, әлеуметтік мәселелерімен және кәсіпкерлік қызметімен тығыз байланысты.

Ауылдық округ әкімдігіне тұрғындар жер мәселесі, жайылымдық жерлерді пайдалану, мал шаруашылығын дамыту, абаттандыру, тұрғын үй-коммуналдық мәселелер, жұмыспен қамту және басқа да әлеуметтік сұрақтар бойынша жүгінеді. Әрбір өтініш пен мәселе заң аясында, әділ әрі ашық қаралуы тиіс.

Осы орайда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу - жергілікті атқарушы орган жұмысының маңызды бағыттарының бірі.

